



Заңды және негізгі мекен-жайы:
Қазақстан Республикасы, 010000,
Астана қаласы, Нұра ауданы
Қабанбай батыр даңғылы, 19 үй, А блогы
телефон: +7(7172) 57-18-32
факс: 24-87-78
e-mail: reception@iacng.kz

www.sactek.kz

Юридический и фактический адрес
Республика Казахстан, 010000
г. Астана, район Нұра,
проспект Қабанбай батыр, д. 19, блок А
телефон: +7(7172) 57-18-32
факс: 24-87-78
e-mail: reception@iacng.kz

№ 34-ө **БҰЙРЫҚ**

« 11 » 09 **ПРИКАЗ** 2023 ж.

«Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс — қызметін (функцияны) жүзеге асыру бойынша және №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру шеңберінде жобаларды іске асыруға жауапты тұлғаны белгілеу туралы

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2021 жылғы 9 желтоқсандағы № 384 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2023 жылғы 31 шілдедегі № 301/НҚ бұйрығымен бекітілген Жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының 63-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ Жарғысының 169-тармағының 16) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының отын-энергетикалық кешенінің ахуалдық-талдамалық орталығы» АҚ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 02/2023 сырттай отырысының шешіміне сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс — қызметін (функцияны) (Комплаенс-офицер) жүзеге асыру бойынша жауапты тұлға ретінде Хитаров Куаныш Арыстанович айқындалсын.

2. «Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы» АҚ-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс — қызметі (функция) туралы ережені бекіту және №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру шеңберінде жобаларды іске асыруға жауапты тұлғаны белгілеу туралы» Қоғамның Бас директорының міндетін атқарушының 2023 жылғы 24 мамырдағы № 19-ө бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

000049

3. Қоғамында №4 «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл» үлгілік базалық бағытын іске асыру шеңберінде жобаларды іске асыраға жауапты тұлға ретінде К. Хитаров болып белгіленсін.
4. Қаржы департаменті 2023 жылғы 11 қыркүйектен бастап К.Хитаровтың лауазымдық жалақысын Қоғамның Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 02/2023 сырттай отырысының шешімінің 6.2-тармаққа сәйкес төлесін.
5. Технологиялық Интеграция және даму департаменті Ережені Қоғамның ресми интернет-ресурсында орналастырсын.
6. К. Хитаров осы бұйрық пен Ережеден туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
8. Осы бұйрық оған қол қойылған күніне бастап күшіне енеді.

Басқарма төрағасы



А. Копабаев